

Қарасу негізгі мектебі бойынша
2023-2024 оқу жылындағы
Мектепішілік бақылау жұмысының қорытынды талдауы

Қазақстан Республикасының БФМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес Көсембай негізгі мектебінде мектепішілік бақылау жоспары әзірленді. Мектепішілік бақылаудың мақсаты: педагогикалық процестің жұмыс барысы мен дамуының Қазақстан Республикасының мемелкеттік білім беру стандарттарының талаптарын сәйкестендіру. Әр оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім беру мүмкіндіктерін және деңсаулық жағдайын ескере отырып, оқушылардың даму динамикасын, педагогтердің білім беру әлеуетін іске асыруды бақылау негізінде оқу процесін жетілдіру.

Аталған мақсатты жүзеге асыруда сынып жетекшілердің күнтізбелік жоспарларының жүргізілуі, үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы, мектеп асханасының тамақтануды ұйымдастыру жағдайы, ата-аналар жиналышының отырыстарының жүргізілуі, оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің берілуі, 1,5-сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері және мектепке, орта буынға биімделуі, жоғары сынып оқушыларының психологиялық ахуалы, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметін ұйымдастыру, оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы, оқушылардың бос уақытын қамту, үйірме секцияларға қатысмы, оқушыларға құқықтық тәрбие беру және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жағдайы, жүргізілуі, әлеуметтік әлсіз топтағы оқушылармен жұмыс, сынып сағаттарының өтілуі, білім алушылардың ата-аналарының қатысуымен өтетін жиналыштар мен шараларды өткізу сапасы, «Тәуекел» тобындағы балалармен, аз қамтылған отбасылармен, өгей ата-анамен тұратын оқушылармен жүргізілген жұмыстар, мектеп психологының суицидтік мінез құлықтың алдын алу, агрессияны жену мақсатында атқарған жұмыстары, әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарының орындалуы, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған жұмыстардың жай күйі бақыланып, зерделеніп, уақытылы әдістемелік көмектер, кеңестер ұсыныстар берілді. Бейнекамералардың, турникеттің үздіксіз жұмысы жасап түрғандығы, сынып жетекшісінің қауіпсіздік, төзімділік мәселелері бойынша, ұжымдық құндылықтарды қалыптастыру бойынша сыныбымен жұмыс істеу әдістері мен нысандарының уақытылы орындалғандығы анықталды. Сонымен бірге оқушыларды оқулықпен қамтылуы, «Мектепке жол» акциясының қорытындысы, оқушыларға кәсіби бағдар жұмыстары, ұлдар мен қыздар клубының жұмыстары, оқушылардың сабакқа қатысмы бақыланып, хаттамалары мен анықтамалар уақытылы толтырылып, кемшіліктер жойылып отырды.

Мектепішілік бақылау жұмысы нәтижесінде:

- Мектеп құжаттарының жағдайы және жүргізілуі жүйелі іске асырылды.
- Оқушылардың даму динамикасы бақыланды, жартыжылдық және жыл бойы олардың деңгейлері белгіленді.
- Еңбек тәртібі мен мектепішілік тәртіп ережелері сақталды.
- Педагогтердің жауапкершіліктері артып, оқу тәжірибесіне жаңа, озық инновациялық әдістерді жүзеге асырды.
- Ұжымның және оның жеке мүшелерінің жұмысында жоспарланған нәжижелерден ауытқулар уақытылы анықталып, көмек беріліп, «мұғалім», «оқушы», «жетекші мұғалім» сенім және бірлескен атмосферасы құрылды.

-Оқушылардың білім, білік дағдыларын, білім алуда жауапкершілігі мен қызығушылықтары қалыптастырылды.

-Жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары табысты жүзеге асты.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Т.Дүйсегалиева